

Жияшева Ж.Ш.<sup>а</sup>, Жораева С.Б., Медетбекова Н.Н., Балхыбекова Ы.,  
Ермекбаев М.А.

М. Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Жияшева Жанар Шораевна, Жораева Сауле Базарбаевна, Медетбекова Нүргүл  
Ниязбекқызы, Балхыбекова Ынтық, Ермекбаев Мұхтар Абенович

**Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық ойындар арқылы патриоттық тәрбие беру**

**Аңдатпа.** Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық ойындар арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесін зерттеу кезінде, дене мәдениеті сабақтарының жалпы адами дамудағы қоғамдық, денелік және психологиялық өзектілігі ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде көрсетілді. Философиялық, педагогикалық ғылымдары, дене мәдениеті және спорт саласы бойынша құндылық ұғымына анықтама берілді. Дене мәдениетінің құндылықтарының негізгі үш бағыты көрсетілді: материалдық, көркемдік, рухани-адамгершілік. Ұлттық ойындардың мазмұндық ерекшеліктерінің сипаттамасы мен негізгі типтері, жіктемесі, талдамасы берілді. Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық ойындар арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың жағымды ортасы тек үйлесімді түрде ұйымдастырылған қоғамдық, мектеп, отбасы ортасы арқылы қамтамасыз етіледі. Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларымен дене шынықтыру сабағында жүргізілген ойын түрлерінің мүмкіндіктері көрсетілді.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып оқушысы, жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық ойындар, дене шынықтыру үдерісі.

Zhiyasheva Zhanar Shoraevna, Zhoraeva Saule Bazarbaevna, Medetbekova Nurgul  
Niyazbekkyzy, Balkhybekova Yntyk, Ermekbaev Mukhtar Abenovich

**Formation of universal human values of junior schoolchildren at physical culture lessons through national games**

**Abstract.** When studying the problem of forming universal human values through folk games among primary school students at physical education lessons, based on the analysis of scientific and methodological literature, the social, physical and psychological significance of physical education for the overall development of a person was shown. Definition of the concept of value in the field of sciences of philosophical, pedagogical and physical culture and sports. The main three directions of the main values of physical culture were shown: material, artistic, spiritual and moral. The characteristics of the main types of national games, classification and analysis of their meaningful features are given. A positive environment for the formation of universal values through national games for primary school students in physical education lessons is provided only through a harmoniously organized social, school and family environment. In the course of the study, the possibilities of the types of games held at the lesson of physical culture with elementary school students were shown.

**Key words:** primary school student, human values, national games, physical culture process.

Жияшева Жанар Шораевна, Жораева Сауле Базарбаевна, Медетбекова Нүргүл  
Ниязбекқызы, Балхыбекова Ынтық, Ермекбаев Мұхтар Абенович

**Формирование общечеловеческих ценностей младших школьников на уроках физической культуры через национальные игры**

**Аннотация.** При изучении проблемы формирования общечеловеческих ценностей посредством народных игр у учащихся начальных классов на уроках физической культуры, на основе анализа научно-методической литературы были показаны социальная, физическая и психологическая значимости занятий физической культурой для общего развития человека. Определены понятия ценности в области философской, педагогической наук, физической культуры и спорта. Были рассмотрены три главных направления основных ценностей физической культуры: материальное, художественное, духовно-нравственное. Даны характеристики основных видов национальных игр, классификация и анализ содержательных особенностей их. Позитивная среда для формирования общечеловеческих ценностей через национальные игры у учащихся начальных классов на уроках физической культуры обеспечивается только через гармонично организованную общественную, школьную и семейную среду. В ходе исследования были показаны возможности видов игр, проводимых на уроке физической культуры с учащимися начальной школы.

**Ключевые слова:** ученик начальных классов, общечеловеческие ценности, национальные игры, процесс физической культуры.

**Кіріспе.** Бүгінгі күні ұлттық негіздегі білім мен ұлттық құндылықтарды жаңғырту мәселесі өзіндік еліміздің тұрпатын, дәстүрін сақтау үшін аса құнды құрал ретінде, еліміздің нарықтық даму жағдайында жандану жаңалықтарын жаңа ғылым мен техниканың дамуы деңгейінде меңгерту мен игеру мүмкіндіктері қарастырылуда. Білім беру мекемелерінің басты міндеттемелерінің бірі заманауи талаптарды ескеріп, жас буын бойына жалпыадами құндылықтарды, негізгі ұлттық ұғымдарды қалыптастыру, патриоттық рухта тәрбиенің негіздерін жағымсыз әдеттердің және келеңсіз жағдайлардың алдын алу арқылы беру көзделген.

ҚР Білім заңында көрсетілгендей, білім беру жүйесінің негізгі міндеттемелерінің бірі азаматтардың ұлттық және негізгі азаматтық құндылықтарын қалыптастыру, тұлғаны жан-жақты, ғылыми жаңалықтар негізінде сапалы негізде дамытуға, сапалы кәсіби білім беруге жағымды, әрі қолайлы орта құру болып табылады [1]. Отансүйгіштікке және патриоттық рухты көтеруде, бала күнінен еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті қамту, білім беру ұйымдарында сабақтардың мазмұнына енген күйде берілгені аса тиімді форма бола алады. Заман талабына, қоғам өзгерісіне сай жас буынға сапалы түрде білім мен тәрбие беру мәселесі әр уақытта өз өзектілігіне ие.

Мемлекет басшысы Қ-Ж.К.Тоқаевтың жолдауының ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция атты үшінші бағдарында: «Еліміздің басты құндылығы – адам. Ұлттық байлықты тең бөлу және бәріне бірдей мүмкіндік беру негізгі мақсат болып табылады. Ұлт саулығы дұрыс болған кезде ғана қоғамның орнықты дамуы орын алады» – деп көрсеткен. Адам денсаулығымен қатар, сапалы негіздегі білім беруді қамтамасыз ету, яғни оқушының жағымды негізде бар құндылықтарды игеру арқылы дамуы үшін, жағымды мектеп құру қажеттілігін алға тартады [2].

Қоғам дамуын заман талабына сай дамыту үшін негізгі ұлттық негізді сақтау мен дәріптеу қажеттілігі маңызды, білім алушыларға білім беру мен тәрбие үдерісінде ұлттық ба-сымдықтарға мән беру арқылы өмірге маңызы бар, қажетті білім, білік, дағдыларды игерту әдіс-тәсілдерін жетілдіру мен басты жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтаушы мазмұнды қайта құру мен үнемі жетілдіру қажеттілігін айтқан. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін, сабақтар арасындағы сабақтастықты, тәжірибеге

бағытталған білім мазмұнын құруды, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие мүмкіндіктерін арттыруды айқын көрсеткен [3].

Қоғамдағы белең алған өзгерістер жас буынға берілетін тәрбиенің мақсаты мен мазмұн құнарын, тәрбие беру әдіс-тәсілдерін заманауи ағымға сай таңдау, үнемі толықтыру мен өзгерту талабын қояды. Қоғамдық орта, білім беру ортасы, отбасы жас буынның өзіндік мінез-құлығының, рухани-адамгершілік сапаларының, негізгі құндылықтарының дұрыс қалыптасуына өзіндік әсері болуы маңызды. Білім беру мекемелерінде саналы, ұлттық құндылықтары, жалпы адамзаттық құндылықтары қалыптасып, негізгі өмірлік маңызды дағдыларды игерген, біліммен қаруланған және қоғам бәсекелестігіне тұрақты бола алатын бала тәрбиесі үшін, қарапайым күнделікті сабақ мазмұнынан бастау алатын, тәлім-тәрбие беру, жан-жақты дамытушы білім беру мазмұнын үнемі жаңарту керек. Білім беру мен тәрбие үнемі бірегей үдеріс, әсіресе тәрбие және өмірлік маңызды құндылықтарды қалыптастыруда бастауыш деңгейінің мәні зор. Зерттеу мәселесінің өзектілігі айқын, зерттеу мақсаты дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық ойындар арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мүмкіндіктерін көрсетуге бағытталған. Негізгі дене шынықтыру сабақ мазмұны қарастырылады, сабақ барысында баланың дене дамуына және негізгі өмірлік құндылықтарына әсер етуші ұлттық ойындардың тиімді қолданылу тетіктері көрсетіледі.

Құндылық дегеніміз – белгілі бір маңыздылықты көрсетуші мазмұн. Жалпылама негізде құндылық қасиет ретінде қарастырылса, негізінен адамның ішкі болмысын құраушы негізгі мүмкіндіктерін бағалай алуға мүмкіндік беретін субъективті қасиет бола алады. Құндылық негіздері бірнеше бағытты қамтиды. Бірінші бағыты қоғам өмірінде көрініс табатын, қоғамдық сана ретінде қалыптасқан дерексіз құбылыс ретінде сипатталады. Мысалы: әсемдік, әдемілік, шынайылық, шындық, гендерлік ерекшеліктер, тепе-теңдік. Екінші негізде, құндылық қоғам өміріндегі белгілі құбылыстардың заттық сипаттамасын береді, мысалы олар, этика, эстетика, саясат, заң, рухани және материалдық мәдениет шаралары. Үшінші бағыты, іс-әрекетке негізделген, яғни жеке тұлғаның психологиялық мүмкіндіктерін, негізгі өмірлік мақсаттарын анықтайтын әрекеттерден көрініс табады.

**Негізгі бөлім.** Өз еңбегінде Т.Қ. Ғабитов құндылық ұғымын қасиет ретінде түсіндіре келе,

бала бойына құндылық негізі туу тамырына сай, яғни тілі, тарихы, мәдени негізі, салт-дәстүр, наным-сенім мен әдет-ғұрыптармен беріледі, құндылық философиялық көзқарас негізіне сүйенсе, белгілі бір мәнге ие және тұлғалық дамуға сапалы әсері бар қасиеттер жиынтығын қарастырады [4]. Осы негізде, болашақ қоғамның толыққанды мүшесін тәрбиелеуде ізгілік, адалдық, мейірімділік, шынайы қарым-қатынас құндылығын заманауи өзгерістерге бейімдеп, бала бойына сіңіру негізгі балаға берілген білім мазмұнының мәні болады.

Жалпы негізде білім әлемді тану құралы, өмір сүруге көмекші мән ретінде көрсетілсе, ал рухани-адамгершілік тәрбие негізгі адам өзегінің құрамдас бөлігі бола алады. Тарихқа көз жүгіртсек қоғам дамуының әр кезеңінде де, ең басты құндылық бұл – адам, өзіндік сана, өзіндік қоғамдық орнын, өзіндік даму, өзін-өзі анықтау, өзгеге деген құрмет, тұлғалық маңызды сапалар, отанды сүю, отбасылық негізгі құндылықтар адам бойына жинақталатын болса, ол әлемді құраушы негізгі қор бола алады [5].

Елімізде ізгілік педагогикасының өзекті мәселелерін зерттеуші көрнекті ғалым А.А. Бейсенбаева, мемлекет, ұлт, қоғамдық орта негізгі жалпыадамзаттық құндылықтардан тұратынын көрсеткен [6].

Жалпы білім беру мекемелерінде, бастауыш деңгейінде тәрбие беру жүйелі түрде, белгілі бір сатылы негізде іске асады. Жаңартылған білім мазмұнына сай, адам негізгі құндылықтарын жоғарылату үшін, өмір қымбаттылығын, еркін негізде қоғам тәртібін құрметтеу, патриотизм, ұлтжанды тұлға тәрбиелеу, еліміздің ерекшелігіне сай, өзге ұлт өкілдеріне толеранттылық таныту, елінің алдындағы борышын өтеу, өзінің ар-намысын сақтау сынды басты негіздер пән мазмұнына, негізгі тәрбие шараларына кіріктірілген [7].

Дене мәдениетінің негізгі құндылықтарын негізгі үш бағытта қарастырады: материалдық,

көркемдік, рухани-адамгершілік. Дене мәдениетінің материалдық құндылықтарына (адамның денесі, спортпен шұғылдануға қажетті құралдар, спорт мекемелері, ақпараттық құралдар, ғылыми негіздегі құралдар, білім және даму ортасын қамтамасыз етуші құралдар) кіреді, ал көркемдік құндылықтарына (дене мәдениетіне байланысты жалпы әлеуметтік мазмұнды сипаттаушы көркемдік бейнелер) жатады, рухани-адамгершілік құндылықтар қатарын (қозғалыс, зияткерлік, педагогикалық, шапшаңдық, қарқындылық) құрайды [8]. Дене шынықтыру сабақтарында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда берілген құндылық бағыттарын негіз ретінде аламыз.

Дене мәдениетінің қоғамдық маңызды құндылықтарына адамның арнайы игерілген білімі, спорттық дайындық негізгі заманға сай технологияларын, адам денесін сауықтыру мен шынықтыру әдістемелерін, адам тіршілігінде маңызы зор қозғалыс әрекетінің негізгі үлгілерін, жалпы спорттық жетістіктерді жатқызуға болады; бұл құндылықтар ең басты қоғам құраушысы – адам денесін жетілдіру, сауықтыру мен салауатты өмір салтын құруға бағытталған [9].

Тұлға бойында негізгі адами құндылықтар қалыптасуы үшін балаларды дене шынықтыру арқылы жалпы мәдени негіздерге үйрету, қалыпты негіздегі тұлғаны дамытудағы құрал ретінде жүреді. Дене мәдениеті және спорт саласы мамандарының басты негізде баланың қозғалыс негіздерін қанағаттандыруға бағытталған жұмысы басымдық танытады, негізінен рухани-адамгершілік тәрбие беру мен баланың өзіндік дамуына әсер етуде дене шынықтыру сабағының маңызы зор. Мына мақала барысында зерттеуші авторлар дене мәдениеті және спорттың тұлғалық және қоғамдық құндылықтары құрылымы мен мазмұнын көрсеткен.

1-кесте – Дене мәдениеті және спорттың жеке тұлғалық және қоғамдық құндылықтарының мазмұндық сипаттамасы [10].

Құндылықтар	Дене мәдениеті және спорт құндылықтары	
	Қоғамдық құндылықтар	Тұлғалық құндылықтар
Ең жоғары құндылықтар	Адам ағзасының жоғары деңгейлі мүмкіндіктері	Денсаулық
Қарапайым өмір құндылықтары	Спорт нәтижесі мен жетістіктері	Қозғалыс құндылығы, дененің жұмыс мүмкіндігі, дене дайындығы, дене сапалары, қозғалыс біліктері мен дағдылары

Қоғам және тұлға үшін екінші кезектегі құндылықтар	Спорттық құралдар, спорттық белгілер	Белсенді бос уақытты тиімді өткізу
Материалдық құндылықтар	Спорт құрылғылары, спорттық мекемелер	Спорттық марапаттар, сыйлықтар, бедел
Әлеуметтік-саяси құндылықтар	Олимпиадалық ойындар, спорттық жарыстар, дене-сауықтыру шаралары, қоғамдық-спорттық шаралар	Денені жетілдіру мүмкіндіктері
Рухани құндылықтар	Спорттық ғылым, спорттық білім, спорттық адамгершілік, спорттық эстетика мен этика, ұлттық рух пен сана	

Бұл зерттеу негізінде көрсетілген құндылықтардың жүйелі сипаттамасынан біз жалпы спорт саласының тұлға дамуы мен негізгі өмірлік құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін айқын көреміз. Осы орайда дене шынықтыру сабақтарында рухани құндылықтарға басты назар бөлу арқылы, ұлттық ойындарымыздың негізгі тетіктерін дәріптеу арқылы, жалпыадамзаттық басты құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік аламыз деген ойдамыз.

Зерттеушілер өз мақаласында басты мақсатты қазақ халқының ұлттық ойындары негізінде оқушылар дене мүмкіндіктерін ұлттық ойындарды тиімді түрде қолдану арқылы қалыптастыруды қарастырған. Ұлттық ойын ерекшеліктері негізінде барлық дене қозғалысы (жүгіру, тепе-теңдік сақтау, секіру, еңбектеу т.б. дене мүмкіндіктерін) жаттықтыру әдістеріне аса маңыз беріп, дене шынықтыру сабақтарын заманауи талаптарға сай ұйымдастыру ерекшеліктерін көрсеткен [11].

М.Таникеев өз еңбегінде қазақтың ұлттық ойындарын түрлі мазмұннан іздестірген, мысалы қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс-салт ертегілер мазмұнындағы аламан бәйге, аңшылық өнер, жүгіру, кедергілерден секіру, мақал-мәтел мазмұнындағы ұлттық ойындар, ұлттық өлеңдер мен жырлардың мазмұнындағы ойындарды айқын көрсеткен. Өлең жырдағы спортшы бейнесіне аса мән бере зерттеген, спортшының шынайылығы, спорттағы әділдіктің орны мен рөлі, яғни жарыс болған жерден әділдік үнемі серік болу керектігін айтқан [12].

Еліміздің білім беру жүйесінде этномәдени бағдар әрбір саласында өз деңгейінде көрініс табады, оның негізгі мақсаты жас буынды қазақтың ұлттық құндылықтарына жақын ету, бала бойына сіңіру. Білім мазмұнындағы этномәдени көріністер, білім беру мен тәрбиенің мазмұнын құрайды, оқыту мен тәрбие үдерісінде қазақ тілін негізгі қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға, қазақ елінің рухани бай ұлттық

құндылықтарымен таныс болуға, еліміздегі өзге ұлт өкілдерімен толерантты қатынаста болуға әсері бар [13].

Өз зерттеуіне сай ғалымдар қазақтың ұлттық ойындары төмендегідей мүмкіндіктерге ие екенін көрсеткен, бастауыш деңгей педагогтеріне қазақ ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы, баланың ой-өрісі дамуына, негізгі өмірлік құнды дағдылар қалыптасуына әсері бар екендігін көрсетеді. Ұлттық ойындар негізіндегі ұйымдастырылған сабақтар балаларға туған табиғаты, дәстүрлері, еліміздің қалыптасу тарихы туралы құнды білімдер береді. Бастауыш деңгейінде оқушылармен ұлттық ойындар негізінде сабақ өткізу баланың жауапкершілік сезімін арттырып, қоғамдық өзара көмек беру арқылы жұмыс жасау мүмкіндіктерін оятып, бала дербестігі мен бастамашылдығын, өз еліне және жеріне деген құрмет сезімдерін қалыптастыратынын айтқан [14].

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде жалпы адам бойына қалыптастыруды қажет ететін бірнеше жалпыадамзаттық құндылықтарды атауға болады, олар: адам өмірі, рухани-адамгершілік құндылықтар, дербестік пен еркіндік негіздері, жеке тұлғалық бақыт, отбасылық бақыт, ұрпақ дамыту, еңбек ету, адами қарым-қатынас құндылығы, денсаулық сақтау, мейірімділік, іс-әрекет ету, қоғамдық тәртіпті құрметтеу.

Негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға әсер етуші факторды үш негізгі бағытта қарастыруға болады: отбасы, қоғамдық орта және мектеп. Осы үш бағыт үйлесімді түрде ұйымдастырылған кезде толыққанды жалпыадамзаттық құндылықтар қалыптасатын орта құрылады. Ал біздің зерттеуге сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтар дене шынықтыру сабақтарында ұлттық құндылықтар арқылы ұйымдастырылады. Ұлттық ойындардың түрлерін жалпы ғалымдар көптеп көрсеткен, соның бірі айрықша ашық негізде сипатталған ғалымдар топтамасына тоқталамыз.

2-кесте – Ұлттық ойындардың жүйелі топтамасының сипаттамасы [15].

Ұлттық ойындар				
Ұлттық қозғалмалы ойындар	Ой ойындары	Спорттық бағыттағы ойындар	Халықтық ойын түрлері	Ептілік пен дәлдікті қажет ететін ойындар
Алтыбақан Ақсүйек Арқан тартыс Тұмақ ұру Сақина салу Жаяу тартыс	Тоғызқұмалақ Дойбы Жаңылтпаш Жұмбақ Мақал-мәтел Есеп	Күрес Жаяу көкпар Жаяу бәйге Садақ ату Ат ойындары Кірдің тасын көтеру Қол күрестіру	Орамал тастау Ұшты-ұшты Белбеу тастау Соқыр теке Жасырынбақ Қараиге ойыны	Алшы ойыны Көтеріспек Атбақыл ойыны Кетсін бір ойыны Құмаройыны Омпы ойыны Хан ату ойыны Бес тас ойыны

**Әдістер мен материалдар.** Мақала жазу кезінде ғылыми негізде құқықтық, дене мәдениеті және спорт саласы бойынша, психологиялық және педагогикалық еңбектер талданып, әдістемелік мүмкіндіктер айқындалды. Жалпыадамзаттық құндылық, бастауыш деңгейіндегі негізгі тәрбие беру ерекшеліктеріне, ұлттық ойын мен ұлттық ойынның дене шынықтыру сабақтарында қолданылу тетіктеріне, зерттеу мәселесінің ғылыми-теориялық негіздеріне талдау жасалды. Зерттеу кезінде бастауыш сынып оқушыларының жалпыадамзаттық құндылықтарының қалыптасуы мен ұлттық ойын арқылы сабақты ұйымдастыру ерекшеліктерінің өзара байланысы көрсетіліп, құндылық түрлері, дене мәдениеті және спорт құндылықтарының түрлері мен олардың мазмұны, ерекше белгілері анықталды. Бастауыш деңгейде құндылықтардың қалыптасуы мен теориялық, эмпирикалық негіздегі зерттеулер қажеттілігі айқындалып, бақылау жүргізіп негізгі тетіктері сипатталды. Зерттеу негізінде алған нәтижелер арқылы тиімді қорытындылар жасауға мүмкіндік алдық.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Зерттеу магистрлік диссертация негізінде іске асырылған. Оның барысында оқушылардың бойындағы негізгі жалпыадамзаттық құндылықтардың негізгі белгілерін және баланың өзіндік пікірін білу үшін арнайы құрастырылған сұрақтар қойылды – Адамгершілік дегеніміз не? Өз бойындағы негізгі адамгершілік қасиеттеріңді атап бер? Достық ұғымын қалай түсінесің? Сен өз жақын достарыңды ата? Досыңды қуанту үшін не жасар едің? Қай кезде достық көріну керек? Өз сыныптастарыңнан жиі көмек сұрайсың ба, өзің жиі көмек бересің бе? Сыныптастарың мен жақын достарыңның арасында сені ұнатпай қалған кездері болды ма? Болса себебі неде деп ойлайсың?

4-сынып бастауыш мектептің соңғы деңгейі болған соң, келесі білім сатысына ауысқанда олардың алдында тұратын сұрақтардың бірі жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалау, жоғарғы сыныптар ортасына бейімделу, өзін еркін ұстау, сыныптастарымен ара-қатынасын түзеу болып табылады. Сондықтан сауалнамаға бақылау топ ретінде 4- сыныптың 24 оқушысы іріктеліп алынды.

Балалар берілген сұрақтарға еркін жауап берді, балалар жалпы негізде адамгершілік туралы ұғымдары бар екенін көрдік. Берілген сұрақтарға қысқаша жауаптары төменде келтірілген:

«- Адамгершілік дегенді адамдарға жақсылық жасау, бір-біріне көмектесу деп түсінемін. – Мен үлкен адамдарды сыйлаймын, кішкентай балаларға көмектесемін. Өтірік айтпаймын. – Иә, ең жақын достарым бар. Олар – Ержан, Жәңгір. – Иә, досымды ренжіткен кезім болды. Сыныптағы оқушылардың алдында мазақтадым. – Бірақ кейін сол үшін өкіндім, одан кешірім сұрадым. Содан кейін қайтадан достасып кеттік. – Иә, кейде ондай болып тұрады. Бірдеңені дұрыс істемесем, ренжітсем олар мені ұнатпай қалады».

Дене шынықтыру сабақтары бірнеше типтерге бөлінеді. А.П. Матвеев бойынша: білімдік – танымдық, білімдік – оқытушылық, білімдік – жаттықтырушы, тәжірибеге бағытталған сабақ типтері [16]. Сабақ тәжірибелік негізге арналған, зерттеу кезінде жүргізілген бір сабақ түрімен бөлісе отырып, оны құру кезінде біз дене мәдениеті және спорт оқу бағдарламасына сүйендік. Сонымен қатар әр сабақты ұйымдастыру кезінде баланың жас ерекшелігі үнемі ескерілу шарты орындалуы тиіс.

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың қозғалмалы іс-әрекеттерге бағытталған ойынына

мотивациясын арттыру, ұлттық ойын элементтері негізінде жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал ету. Бастауыш сынып оқушыларының жоғары деңгейлі икемділігі мен ептілігін дамыту. Бала бойында ынтымақтастық, мейірімділік, өз сыныптастарына көмек беру, ұжымдық негізде белгілі бір мәселенің шешімін табуға ұмтылысын дамытуды көздейді.

*Сабақ өту орны:* спорт залы;

*Сабақ типі:* тәжірибеге бағытталған сабақ.

*Дайындық деңгейі:* Оқушыларды сапқа тұрғызу, сәлемдесу мен сапта негізгі сабаққа қатысу деңгейін тексеру.

Бастауыш буын оқушылары үшін қозғалмалы ойындар қызықты үдерістердің бірі, олар арнайы жалпы дамыту жаттығуларынан тұрады. Бұл ойындар бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын жақсартуға, шынықтыруға, дамытуға әсер етіп, оқытушының басқарылуымен жүретін тиімді үдерістің бірі. Қозғалмалы ойындарға енген жалпы дамыту жаттығулары: секіру жаттығулары, дәлдікке бағытталған жаттығулар, бала қолдары мен аяқтарын дамытуға бағытталған жаттығулар, бала буындарын икемді болуын қамтамасыз етуші жаттығулар, оған қол, саусақ, аяқ, тізе буындары кіреді.

*Жаяу көкпар ойыны* арқылы оқушылардың жылдамдығын арттыру. Оқушылардың негізгі сапасы ерік-жігерін қалыптастыруға бағытталған. Ойын шарты балаларға түсіндіріледі, ойынға сыныптағы барлық балалар қатыса алады. Бір сызық бойына балаларды сапқа тұрғызып, ойын жүргізуші ысқырығынан кейін, алшақтау жерде жатқан көкпарды алып қашып, алыста орналасқан арнайы көмбеге жеткізу керек, көмбеге алғашқы болып көкпарды жеткізген оқушы жеңімпаз атанады. Мақсат көкпарды алғашқы болып жеткізу, бұл ойында оқушының жылдамдығы қаралады, егер көкпары бар оқушыдан, өзге бір оқушы жүгіріп басып озатын болса, сол оқушыға жеңіс бұйырады.

«*Ақ сүйек ойыны*», ойын мақсаты – негізгі жүгіру мен күш сынасуға арналған. Бала ойын барысында көп жүгіреді және ептілікке икемделеді. Бұл ойын барысында бала тыныс алу жолдары ашылып, дене мүшелері шынығып, тез ойлау мен тез қозғалуға, батылдық танытуға жаттықтырады. Баланың белгісіз ортада, яғни қараңғы бөлмеде жол табу мен өз іс-әрекетін бағдарлауға үйренеді.

«*Қазақша күрес*», күрес ережесіне сай, екі топ палуандары бір-бірін жауырыны жерге тигенше өзіндік айла қолдану арқылы күреседі. Сол сияқты «*Жаяу жарыс*» ойыны, ол жерде

оқушылар екі белгіленген жер арасын жүгіріп өту керек. Жүгіретін балалардың алғашқы болып жүгіріп келгені жеңімпаз болған.

«*Аңшылық*» ойыны, бұл ойынға барлық сынып қатыса алады, ойын кезінде сынып екі топқа бөлінеді, бірі аңшылар, екінші топ үйректер. Аңшылар тобы үлкен шеңбер құрады, ал үйректер тобы сол шеңбер ішінде жүреді. Оқытушының ысқырығынан кейін, аңшылар тобы қатысушылары үйректерді доппен атып түсіреді. Ойын уақыты белгілі бір шектеуге белгіленеді, осы аралықта көп үйректі доппен атып түсірген аңшылар тобы жеңімпаз болады.

**Қорытынды.** Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық ойындар арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесін зерттеу кезінде, авторлық бірлестікте төмендегідей қорытындылар алынды:

Бастауыш буынға берілген тәрбиенің мақсаты мен мазмұны, тәрбие беру әдіс-тәсілдері қоғам талабына сай және үнемі жетілдіру мүмкіндіктерін қарастыруды қажет етеді. Бастауыш сынып оқушыларының бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптас-тыруда негізгі үш әсер етуші фактор ретінде алынған; қоғамдық орта, отбасы ортасы, мектепте білім беру ортасына сипаттама берілді. Зерттеу кезінде негізгі құндылық ұғымының үш бағыты көрсетілді, олар негізгі сапа мен қасиет ретінде, заттың сипаттамасы, өмір мақсаттылығын анықтайтын іс-әрекет сипаттамасы екені анықталды. Сондай-ақ, дене мәдениетінің негізгі құндылықтарының негізгі үш бағыты көрсетілді: материалдық, көркемдік, рухани-адамгершілік.

Дене мәдениеті және спорттың жеке тұлғалық және қоғамдық құндылықтарының мазмұндық сипаттамасы көрсетілді, олар қоғамдық және тұлғалық құндылықтар ретінде анықталды. Біздің зерттеуімізге сай, негіз ретінде рухани құндылықтарға басты назар аударылды.

Қазақтың ұлттық ойындары баланың ой өрісі дамуына, негізгі өмірлік құнды дағдылар қалыптасуына әсері бар, оның құнды әдіс әрі қолданысқа ие ретіндегі тиімділігі көрсетілді. Ұлттық ойындар негізіндегі ұйымдастырылған сабақтар балаларға туған табиғаты, дәстүрлері, еліміздің қалыптасу тарихы туралы құнды білім беретіндігі анықталды. Дене шынықтыру сабағында «*Жаяу көкпар*», «*Ақ сүйек ойыны*», «*Қазақша күрес*», «*Жаяу жарыс*», «*Аңшылық*» бастауыш буын оқушыларының жалпы адамзаттық қалыптасуына әсер етуші тетік ретіндегі қолданылу мүмкіндіктері көрсетілді.

## Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>.
- 2 Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>.
- 3 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
- 4 Габитов Т.Х. Философия: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – 5-ші басыл., толық. – Алматы: Паритет, 2008. – 400 б.
- 5 Караковский В.А. Статья человеком: общечеловеческие ценности – основа целестного учебно-воспитательного процесса. – М., 1993. – 76 с.
- 6 Бейсенбаева А.А. Гуманизация образования старшеклассников на основе межпредметных связей: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1996. – 390 с.
- 7 Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А.М. Педагогика. – Алматы, 2004. – 437 б.
- 8 Коровин С.С., Малорощило Л.Н. Ценности физической культуры: структура, характеристика // Самарский научный вестник. – 2017. – Т.6. – №3(20). – С. 287-293.
- 9 Лубышева Л.И. Современный ценностный потенциал физической культуры и спорта и пути его освоения обществом и личностью // Теория и практика физической культуры. – 1997. – №6. – С. 10-15.
- 10 Ниясова Н.С. Структура и содержание общественных и личностных ценностей физической культуры и спорта // Омский научный вестник. – 2008. – №1(63). – С. 101-104.
- 11 Дюсембинова Р.К., Бөжиг Ж., Сармантаев А.С., Тулеужанова К.А., Аяпбергенова, Г.С. Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық ойындар арқылы қалыптастыру // Теория и методика физической культуры. – 2023. – №1(71). – С. 122–129. DOI 10.48114/2306-5540\_2023\_1\_122
- 12 Tanikeev M. Kazahskie nacional'nye vidy sporta i igry. – А.: Kazgosizdat, 1957, – 63 s.
- 13 Dosbenbetova A.SH., ZHapbarova G.A. Formirovanie etnopedagogicheskoy kompetencii budushchego uchitelya (opyt Respubliki Kazahstan) // Kazanskiy pedagogicheskij zhurnal. – 2016. – №1(114). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-etnopedagogicheskoy-kompetentsii-buduschego-uchitelya-opyt-respubliki-kazahstan> (data obrashcheniya: 22.05.2023).
- 14 Amrenova A.D., Kushnir M.P. Kazahskie nacional'nye igry kak sredstvo umstvennogo razvitiya detej mladshego shkol'nogo vozrasta // Vestnik Karagandinskogo universiteta, Seriya «Pedagogika». – 2013. – №1(69). – S. 73-78.
- 15 Abigaliev R.A., SHahmanov B.ZH. Dene tərbiyesi sabarında ұлттық оюндарды қолданудың өзекті мәселелері. // H.Dosmұhamedov atyndaғы Atyrau MU Habarshysy, – 2017. – №2(45), – B. 34-37.
- 16 Matveev A.P. Teoriya i metodika fizicheskoy kul'tury (obshchie osnovy teorii i metodiki fizicheskogo vospitaniya; teoretikometodicheskie aspekty sporta i professional'no-prikladnyh form fizicheskoy kul'tury): Ucheb. dlya institutov fiz. kul'tury. – М.: Fizkul'tura i sport, 1991. – 543 s.

<p><b>Хат-хабарға арналған автор (бірінші автор)</b></p> <p>Жияшева Жанар Шораевна – PhD, аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан, e-mail: zhiyasheva88@mail.ru</p>	<p><b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b></p> <p>Жияшева Жанар Шораевна – PhD, старший преподаватель, Южно-Казахстанский Университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан, e-mail: zhiyasheva88@mail.ru</p>	<p><b>The Author for Correspondence (The First Author)</b></p> <p>Zhiyasheva Zhanar – PhD, Senior lecturer, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: zhiyasheva88@mail.ru</p>
--	---	---